

патриотизм ұғымын жаңаша түсіне бастады. Олар бұл ұғымды тек ата тегімен ғана байланыстырып қоймай, Қазақстанның мемлекеттілігі, басқа ұлттың мәдениеті мен дәстүріне деген толерантты көзқарас сияқты қасиеттер арқылы қарастыруда. Біздің елдегі қалыптасқан достастық үлгісі қазіргі таңда өзінің тиімділігі мен пайдалылығын бар әлемге паш етіп отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Нысанбаев Ә.Н. Егемендікке ие болу мен нығаюы жағдайындағы қоғамдық сананың эволюциясы және жаңа құндылықтар жүйесінің қалыптасуы // Тәуелсіз Қазақстан философиясы. – Астана: Аударма, 2006.- 544 б.

2 Егемен Қазақстан. – 2015. – 1 мамыр. Жұма – №8(28559). – 2 б.

3 Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі – рухани үнқатысу алаңы // Егемен Қазақстан газеті. – 2018. – Маусым, 28 б.,

4 Имидж лидера: Психологическое пособие для политиков / Под ред. Е.В. Егоровой-Гантман. – М., 1994. – 265 с.

5 1897-2018 гг. Как изменилось население Казахстана? [ЭР]. Режим доступа: <https://informburo.kz/kaz/1897-2018-aza-halyny-sany-alay-zgerd-.html>

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БОСҚЫНДАР МӘСЕЛЕСІН ШЕШУДЕГІ МҮМКІНДІКТЕРІ: ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕНІ ҚОЛДАНУ

Дәрібаева А.Е., магистрант,

Медеубаева Ж.М., т.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

XXI ғасырдағы халықаралық қатынастар жүйесі өткен ғасырмен салыстырғанда тұрақты бола тұра, жаңа саясаткерлер буыны беттеспеген күрделіліктерімен ерекшеленеді. Бұл өзгерістерге жаһанданудың белең алуы бірден бір себеп. Әлем бұрын елестете алмайтындай жылдамдықпен дамып келеді. Әлемның белді саясаткерлері сан жылдар бойы ұлттық мүддеге қауіп төндірген

терроризм мен экстремизм, жаппай қарулану бойынша сұрақтар шешімін таппай келеді. Әлемдік қауымдастық осы мәселелер төңірегінде күн тәртібіне барлық елдердің бірлесе әрекет жасап, жұмыла шешуін көздеп отыр.

Қазақстан 30-жылдық Тәуелсіздік тарихында сыртқы саясатта беделін нығайтып, көпвекторлы бағыт ұстанған, бейбіт ел екенін дәлелдеді. Орталық Азия аймағында алдыңғы қатарлы экономикасы мен жаһандық істерде белсенді әріптес екенін айқындады.

Ел Президентінің Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2020 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес елдің сыртқы саясатының негізгі қағидаттары болып тұрақты, әділ және демократиялық әлемдік тәртіп құруға жәрдемдесу; көпжақты консультациялар мен келісімдер негізінде жаһандық және өңірлік мәселелердің кең ауқымын шешудегі халықаралық қоғамдастықтың тиімді тәсілдері мен ұжымдық көзқарасын қалыптастыруға бағытталған мультилатерализм; трансшекаралық сипаттағы сын-тегеуріндер мен қатерлерге ден қоюда, жанжалдарды реттеуде, қақтығыстан кейінгі елдерде бейбітшілікті нығайтуда халықаралық қоғамдастықтың интеграцияланған тәсілдерін әзірлеуді білдіретін ұлттық, өңірлік және жаһандық деңгейлердегі қауіпсіздік пен дамудың ажырамас байланысы көрсетілген. [1]

Осы орайда, бүгінгі таңның өзекті тақырыбы болған босқындар мәселесі біздің елімізді де айналып өтпесі анық. Жоғарыда аталған ел Президентінің сыртқы саясаттағы мақсаттары ретінде халықаралық және өңірлік тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуде елеулі үлес қосатын халықаралық қоғамдастықтың белсенді және жауапты мүшесі ретінде көрсете отырып, сыртқы саяси әдістер арқылы көпұлтты Қазақстан халқының бірлігін сақтау және нығайтуға жәрдемдесу көзделген. Осы мақсаттарды орындау үшін шет мемлекеттермен екіжақты және көпжақты форматта достық, болжамды және өзара тиімді қарым-қатынастарды сақтау, мемлекетаралық бірлестіктер және халықаралық ұйымдармен кешенді өзара іс-қимылды дамытуға тиіспіз.

Соңғы бірнеше ай төңірегінде Орта Азияда белең алған шиеленіскен ауған босқындарын қабылдау мәселесінде Қазақстан Еуропалық әдіске сүйене отырып әрекет жасаса бұл Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының мақсаттары мен қағидаттары негізінде адам құқықтары, гуманитарлық дипломатияны жандандыру бағытында халықаралық қауымдастықта да елдің беделін арттырып, сыртқы

саясатта алға қойған мақсаттардың орындалуы болып есептелетін еді. Еуропалық мемлекеттер арасында Францияның босқындарды қабылдауда тәжірибесі мол саясаты бар. [2] Босқындарға «халықаралық құқық нормалары мен халықаралық келісімдерге сәйкес» азаматтық мәртебесін беру, Еңбек министрліктерінің шетелдік еңбек күшін бақылау да оңтайлы жолға қойылған. Еуропа елдерінің көбі шетелдік босқындарды қабылдап, оларға жәрдем беруді адамгершілік құндылық тұрғысынан қарастырады. Босқындардың жұмысқа орналасып, білім алу және медициналық көмекті де ала алады. Еңбек министрлігімен бақылауда болып, 5 жылдан соң азаматтық алуға өтініш беруге мүмкіндігі бар. [3, 3 б.]

Осы тұста, шетелдегі Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке және отбасылық құқықтарын, заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету бойынша біршама жұмыстар атқарылып, Ауғанстандағы қандастарымыздың еліміздің бірнеше облыстарына орналастырып, гуманитарлық және әлеуметтік көмек көрсетілгені бәріне аян. Бұл істі шет елдерде қазақ қауымдары шоғырланып тұратын жерлерде қазақ тілі мен мәдениетін дамытуға, олардың тарихи Отанымен байланысын сақтауына, оның ішінде Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы және «Отандастар» қоры арқылы қолдау көрсетудегі қойған мақсатына жетудегі алғашқы жемісті қадамдардың бірі деп есептеуге болады. [4]

Ел халқының басым бөлігі бұл сұрақта саясаткерлердің аса байыппен қарап, ел қауіпсіздігіне және ұлттық мүддемізге қайшы емес шешім қабылдауды талап етуі орынды. Бұл орайда, халықаралық ақпараттық қауіпсіздік, кибертерроризм және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды құқыққа қайшы мақсатта қолдану мәселелері белең алып, ел ішіндегі тұрақтылыққа сызат түсірмеуі тиіс. Еліміздің әр азаматы халықаралық қауымдастықтың белсенді мүшесі ретінде аймақта пайда болған адам құқықтары мен еркіндіктерін қорғау мәселесінде немқұрайлық танытпай, қарама-қайшы көзқараста болмайды деген сенім бар.

Іске асырылған мақсаттарға сәйкес елдің ішкі істерінде тәуекелдер тудырып, біршама өзгерістер әкелуі мүмкін. Ел халқы ешқандай өшпенділік, нәсілдік кемсітушілік, діни қайшылықтар, ұлтшылдық негізіндегі қылмыстық актілерге қарсы тұруы тиіс. Әлемдік қоғамдастықтың іс-әрекетіне біршама атсалысып, халықаралық деңгейде заңсыз көші-қонға және адам саудасына қарсы күрес саласында халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға қатысқан

болар еді. Туындаған тәуекелдер қатарында денсаулық сақтау саласында, оның ішінде эпидемиялар мен пандемияларға қарсы іс-қимыл мақсатында халықаралық ынтымақтастыққа атсалысу мәселесі тұр. Әлемді жайлаған COVID-19 індетімен арпалысуға тура келген уақытта пайда болған бұл қиыншылықтар ел саясаты мен тұрақтылығын біраз сынайтыны анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 6 наурыздағы № 280 Жарлығы
- 2 <https://www.unhcr.org/neu/>
- 3 Идрышева Ж.Қ., Б.М. Балаубаева Мұсылман миграциясы мәселелесі және Оңтүстік Еуропа мемлекеттерінің саясаты // KazNU Bulletin. International relations and international law series. – 2014. – №1 (65). – 32-37 бб.
- 4 «Отандастар қоры» қолға алған 30 бастамасы!//<https://www.oq.gov.kz/news/640-otandastar-qory-qolgha-alghan-30-bastamasy>

ОТНОШЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН С ГОСУДАРСТВАМИ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

Елеуханова С.В., к.и.н., ассоциированный профессор
Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова,
г. Караганда

Сотрудничество с государствами Центральной Азии является одним из важных приоритетов внешней политики Республики Казахстан. Наша республика связана с народами этих стран родственными, историческими, политическими и экономическими, культурными отношениями, географической общностью. В период 1994-2005 гг. Казахстан был участником нескольких интеграционных проектов центрально-азиатских республик. К ним относится единое экономическое пространство (Казахстан, Узбекистан, Кыргызстан), а также Центрально-Азиатское Экономическое сообщество (ЦАЭС), Организация «Центрально-Азиатское сотрудничество» (ОЦАС) с участием Казахстана, Узбекистана, Кыргызстана и Таджикистана.